

12009

17301к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

ИРАН-ҒАЙЫП



ШЫҒАРМАЛАРЫ







"МӘДЕНИ МҰРА"  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

*Біз өзіміздің аргы-бергі  
ата-бабаларымыздың жүздеген  
буынының қалдырған өсиетін ақтап,  
мұраларын сақтап, молайта беру  
жолында топтасуға тиіспіз.*

**Н.Ә. Назарбаев**

## Редакция алқасы

---

**Бердібаев Р., төраға**

**Алматов А.**

**Досжан Д.**

**Кәрібозұлы Б., жауапты редактор**

**Қасқабасов С.**

**Қоңыратбаев Т.**

**Момынбаев Б.**


**Оразбай И.**

**Оспан С.**

**Пірназар С.**

**Рахымбекұлы Ә.**

**Сейсекеева К.**



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

---

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
КЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

---

ИРАН-ҒАЙЫП



ШЫҒАРМАЛАРЫ

ЕКІНШІ ТОМ

СӨЗ ПАТШАЛЫҒЫ

ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМАЛАР

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ  
АСТАНА-2009

**ББК 84 Қаз 7-5**  
**И 74**

*Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

**Пікір жазғандар:**

**Б. Кәрібозұлы** – филология ғылымдарының докторы, профессор;

**Ғ. Тұяқбаев** – филология ғылымдарының кандидаты

**И 74** **Иран-Ғайып.**  
**Шығармалары. Үш томдық. – Астана: Фолиант, 2009.**  
**Т. 2: Сөз патшалығы. Өлеңдер мен поэмалар. – 296 б.**

**ISBN 9965-35-623-8**

«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған ақын, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Иран-Ғайыптың үш томдық жыр жинағының екінші томына ақынның ХХ ғасырдың сексенінші жылдарында жазылған туындыларының ең таңдаулылары еніп отыр.

Ақын жырларының алтын діңгегі – өзі өмір сүріп отырған қоғамы. Халық мұңын өз мұңына айналдырған ақын жырларынан оның қоғамға деген көзқарасы ерекше байқалады. Жинақтағы әрбір туынды талантты суреткердің қолтаңбасын ақын танытады.

Жинақ жырсүйер көпшілік қауымға арналған.

**И 4702250202**  
**00(05) – 09**

**ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 9965-35-623-8 – (Т.2)**  
**ISBN 9965-35-621-1**

© Иран-Ғайып, 2009  
© «Фолиант» баспасы, 2009

**Ал,  
Дүние...**

**Қызықтадым –  
Қудым. –  
Белімді –  
Тас Будым:  
Жүзққан Кірді –  
Көңілге,  
Көз Жасыммен –  
Жудым...**

## СӨЗ ПАТШАСЫ

«Өлең – сөздің патшасы...»

Абай

Сөз патшасы,  
Тәңір тұттым,  
Табындым,  
Табындым да мұң алқасын тағындым.  
Жұртқа жүрмес әміріңді жүргізіп,  
Күн-түн құрақ ұшырардай не қылдым?!

Қаршадайдан қадіріңе жетем деп,  
Төрт құбылаң түгел болса екен деп,  
Қажып біттім алаң алтын балықтай,  
Ауыр ойдың астын атамекендеп.

Қанша жұтса толмас өлім-өңеші –  
Уақыт – менен – аласы,  
Мен – бересі.  
Қиямет-қайым –  
Қылкөпірден құлатпай  
Өткізердей мәңгіліктің елесі...

Көнгем!  
Көндім! –  
Жүрегіме батса сыз –  
Көктем жүдеп,  
Жаз жасып,  
Тіл қатса күз!  
Ана әлдіі уантпаса бесікте,  
Өтер ме едім, өлең, сенсіз – патшасыз?!

Көнгем!  
Көндім! –  
Асқынды жан жарасы,  
Қара көзден қан тамады, қарашы!  
Қарарсызсың патшасынан Адамның,  
Қатыгезсің,  
Сараңсың,  
Сөз сарасы!



Көнгем!  
Көндім!  
Көнем даусыз, дамайсыз,  
Сөз патшасы,  
Тағы нені қалайсыз?!  
Сарсаң қылар сен болмасаң,  
Күл қауып,  
Қара басып қалар ма едім Абайсыз!..

## КОНСИЛИУМ

Муза, аз-кем мойыныңды бұра кет,  
Сенсіз күнім күн емес, түн, құр өлек.  
Жетім жүрек алақанын жайып тұр,  
Жыртық жырға жанды жамау сұра деп.

Сенсіз өмір, өмір емес, жай елес,  
Қонған қораш бақыттың да баяны еш.  
Ұлы көште сіңірін созған тірлікке,  
Сенсіз мылқау аспан азап, ая емес.

Сенсіз дүние жалған,  
Жалған шын жалған,  
Айтшы, Муза,  
Сенсіз кім бар күн болған?!  
Сан мықтының мұқап, тауы шағылып,  
Сенсіз құдірет Құдайың да мұңданған!..

Зарықтырма!  
Тірідейін өлме деп,  
Муза, деме!  
Еркінді бер!  
Бер медет!  
Мойыныңа асылайын –  
Шығайын  
Шындығымның құзарына өрмелеп!..

\* \* \*

Жыларымды білмеймін, күлерімді,  
 Жаныма жат санаймын түнеруді.  
 Ұзарта алмай келемін өрісімді –  
 Шырқ айналып, үзе алмай шідерімді.

Пірсінуге хақым жоқ, дүрсінуге,  
 Кірсінуге болмайды, күрсінуге.  
 Қайсы жүрек білмеймін жырыма іңкөр,  
 Қайсы жүрек білмеймін түршігуде.

Баспаға да кінәм жоқ, басқаға да,  
 Барып-келумен жүрмін астанаға.  
 Онда – келдің демейді Әбділда ағзам,  
 Мұнда – кеттің демейді Асқар аға.

Таға алмаймын кінәрат өлеңіме,  
 Тәртібіне, тақырып, көлеміне.  
 Ешкім пікір айтпайды мен туралы –  
 Пікірі жоқ тірліктің керегі не?!

Көрінгеннің көз сатпан әлеміне,  
 Әуейі боп көрмедім әдеміге.  
 Айдынына асыққан аққу құстың,  
 Әнін жалғап келемін әуеніме.

Күрмелмен күн кешсем де күйде балаң,  
 Емеспін түзде қылаң, үйде – баран.  
 Есті жырдың ертеңі не болар деп,  
 Жар құлағым жастыққа тимей алаң.

Тілдесем ойша биік Расулмен,  
 Расулға пар келген бір асылмен.  
 Тілдесем де түсінбей қайран қалам,  
 Қалайша жайды екен деп құлашын кең?!

...Қайран қалам!  
 Қайратым дабыл қағар!..  
 Арамызда қандайлық қабырға бар?! –  
 Айтыңдаршы расын, Расулдар! –  
 Айтыңдаршы, Асқарлар, Әбділдалар!..

## КӨШЕДІ АҚЫН

Көшейін бе?  
Мен анда көшпейін бе?!  
Көшпесем – қалып қоям көш кейінде!  
Жүре алар ма сырмінез Сырдың ұлы,  
Сыр алдырмай Алатау төскейінде?!

Көшейін –  
Бар ағайын көшіп жатыр,  
«Үйде отырған батырдың несі батыр?!  
Үйде отырған ақынның несі ақын?!» деп,  
Қонысын аударғандар бөсіп жатыр.

Көшем білем,  
Шынымен көшем білем,  
Жіберуге хақым жоқ есемді мен.  
«Уақыт шүлен тарқатып жатыр мұнда –  
Көш!» деп қамқор қоймайды шешен кілең.

Ұлыңды қимассың, жұрт, жаманатқа,  
Шаң қауып қалайынша қалам артта?!  
Көзіңнің қырын салып жүр,  
Қалдырдым –  
Күмбезді кейуананы аманатқа.

Жаманатқа қалдырман мен де сені,  
Қимастықтан кеудемде сең көшеді.  
Қос ана ақ мамасын дертіп емген,  
Телқоңыр құлыншағың ем кешегі.

Сыр, сенен артық тұтпан астананы,  
Өзіңнен сабылт сапар басталады.  
Ылажсыз іңкәр дүние іштен тынып,  
Көгінен мылқау әлем жас тамады...

Шарығын үлкен жолдың суыт киіп,  
Жарым да отыр жүгін буып, түйіп.  
Көшеді ақын талабы таудай болып,  
Тау – алыстан тартатын Суық-Биік!

Көштік!..

Біз кездесерміз, мүмкін, өлі,  
Тебіреніп тереңіне жыр тұнады.  
Торымда бұлбұл-жүрек тыным таппай,  
Егіліп, еркін қорғап бұлқынады.

Сахара, сабыры мол сайын далам,  
Қолды әкел, қоштасуға дайын балаң.  
«Тағдырың не болар деп ертеңгі күн?!» –  
Түріңді көрсетпегін уайымдаған.

Өскен ел, өлсем де өртер от құшағың,  
Өзіңде жалын жастық өтті шағым.  
Сарыауыз балапан ем,  
Темір қанат  
Қатайды, көштім бүгін, көкке ұшамын.

Көкке ұшам,  
Болмайды енді ұшпасыма,  
Ұшпасам – ұштаса алман тұстасыма.  
Еңбегіңнің қайтқаны дей бер түбі,  
Айналсам «өлең сөздің» ұстасына.

Келмейді кейіс тартып тоқырағым,  
Шабыстың жаратпаймын шоқырағын...  
Туған жер, қызығымды өзің көріп,  
Болғаны – бұйырса уыс топырағың!..

\* \* \*

Ассалаумағалейкум, Алатауым,  
Естілер тізе бүгер дара тауым!  
Кіндіктің шұқырындай Алматыңа  
Көшіп кеп тігіп жатыр дала отауын...

Өзі өлсе де, өлеңі мұқамаған,  
Мұңайып «келгін» деуші ед Мұқаң<sup>1</sup> әмән.  
Алатау, «ештен – кеш» деп жетті балаң,  
Иі түсіп, ортайып, жұқамаған.

Жатырқама!  
Жаныма жара салма!  
Жарасыз кеп жалғассам жарасар да.  
«Қош!» деп кеттім жанары мөлт-мөлт еткен  
Кейуана мен бейфәни қара шалға.

...Болмаған соң жағдайым ерек-бөлек,  
Келместей боп кеткен ем мен өкпелеп.  
Ей, Ақ бас тау,  
Кеп тұрмын  
Астанаға  
Құрбандыққа тағы ақын керек пе деп!..

## СЕРТ

Көргем жоқ көсем қол бастап,  
Қай тағдыр, білмен, тосып тұр?!  
Сені мен мені торқасқа ат,  
Ұлы дүбірге қосып тұр.

Арқанды мініс жауыр ғып,  
Арытты асу, жол қанша?  
Атақ пен даңқты бауыр ғып,  
Аруақты сейіс толғанса!

Суырылып шықсаң тобыңнан,  
Қара үзіп келсең, қайран-ай!  
Қаламым түсіп қолымнан,  
Қалмасам игі сайрамай?!

<sup>1</sup> Мұқағали Мақатаев

Қара шал енсе қайратқа,  
Көрінен төрі алшақтап.  
Баранға бағың байлатпа,  
Жасыман мен де жан сақтап.

Сүрінген кезің,  
Жығылған,  
Бар болар! –  
Сүріну – тұяқтыға тән.  
Құласам құздан, тұғырдан,  
Құлдилап құлауды ұнатам –  
Баптаған сені Ұлы Рух,  
Баптаған мені Ұлы Отан.

Шын кезең туды бар атқа,  
Сын кезең келді талантқа –  
Қыры мен сыры көрінер –  
Сейісті жерге қаратпа,  
Жүрмесін қарғап мені де ел!

Жабының шабан сағын үз,  
Шалдықпан көптің бірі боп.  
Шабатын біздің шағымыз,  
Торқасқа тұлпар тілі жоқ!

Тілің жоқ,  
Мұңың бар шығар...  
Рухын – туын құлатып,  
Жабықса жаны жаншылар,  
Алмайық шалды жылатып!

Қайғым сол –  
Тәнің ісініп,  
Бусанбай белің бүгілсе.  
Арман не –  
Жырды ел түсініп,  
Тамшы боп терің үгілсе.

Дей алман әсте өгей ұқ,  
Құпия сырды ғажайып:  
Заман бұл –  
Ақаны көбейіп,  
Батырашы тозған азайып!..

Ей, торы, жатқа теліме,  
Ұға гөр, мұны, ұға гөр:  
Болмаса да зәру Серіге,  
Құлагерге құштар шығар ел?!

Бірегей білгір баптаса,  
Қылаңнан озар бараны.  
Жұртына жыры жақпаса,  
Ақынның жүрегі жаралы!

Ат шапса нағыз бап шаппай,  
Баранға қылаң болған кес.  
Айыбын айтып ақсатпай,  
Жомартқа нәмөрт қол бермес.

Көркінді көмбе жат көрсе,  
Аласұр, көңіл, аласұр!  
Алдымен торқасқа ат келсе,  
Келсе ақын-ғайып қарасұр!

Сен – ердің сылаң торысы,  
Мен – елдің бұлаң еркесі.  
Тұлпар тұяғының борышы –  
Бақыттан озу! –  
Серт осы!

Сен – ердің сылаң торысы,  
Мен – елдің бұлаң еркесі.  
Ақын қаламының борышы –  
Уақыттан озу! –  
Серт осы!

Озамыз анық –  
Терлесек!  
Осымен бітсін әңгіме.  
Осы бәйгеден келмесек –  
Жә, хайыр,  
Торым, мәңгіге!..

## ДУЭЛЬ

Пушкин...  
 Дуэль...  
 Дантес...  
 Қан... –  
 Сабақ маған,  
 Дуэль – жоқ,  
 Қан жоқ па деп қарап бағам.  
 Қайда барсам қалмайды қыр соңымнан,  
 Ақ киімді боз атты алақтаған.

Қарсы келмей белгілі кірікпесі,  
 Қарсы келсе шығады сілікпесі –  
 Пушкин емен,  
 Мылтықпын –  
 Өзі оқталып,  
 Өздігінен басылар шүріппесі!..

\* \* \*

Көлеңкең бе, жоқ әлде, елесің бе?..  
 Кетіп қала бересің келесің де! –  
 Екі бірдей дүние қызығы бар,  
 Жеті жастық жалыны денесінде,  
 Шашын өрген қыз!

Күлемісің, жоқ, әлде, жылаймысың,  
 Көктен түскен қорынып Құдаймысың? –  
 Елтіп, естен шығардым сенен басқа  
 Жердегі  
 Әйел біткеннің былайғысын,  
 Шашын өрген қыз!..

\* \* \*

Қыңыр бұлттай көшемін көшкім келсе,  
 Қоңыр желдей есемін ескім келсе.  
 Аруақтанған кезден де кенде емеспін,  
 Бардай шыным Шекспир... Пушкиндерше!



Соларша ойлап, соныша жыр жазамын,  
Кім кемітер Абайшыл қыр қазағын?!  
Кешегіме күйініп кейіс тартпан,  
Бүгініме сүйініп ырза жаным.

Тудырмаса Бүгінім зобалаңын,  
Ертеңіме зөредей жоқ алаңым.  
Ертеңіме Бүгінім қайшы келсе,  
Итті жұтқан инедей жоғаламын.

Бүгініме бейілмін Ертеңіме,  
Ертеңіме айналар ертегіге...  
Түйнек түйсе несі айып титтей жүрек,  
Өскен елдің өрелі өркеніне?!

Өзгеше ойлап, өзімше тебіренем,  
Тебіренсем туады небір өлең.  
Небір өлең туады ойлай-ойлай,  
Ел қамы үшін ердейін еңірегем!

...Дәріс ап,  
Үрдіс тартқан ұлы ауылдан,  
Құлын даусы шындықтың құрақ ұрған...  
Бүгініме шүкірлік!..  
Сақтай көрсін –  
Өзгеше ойлап, өзгеше жылауыңнан!..

## ҚЫЗЫЛ КІТАП

Қызыл Кітап қолыма кеп тигелі,  
Әрі-сәрі қылды әрсіз күй мені –  
Тарпаң тұлпар – уақыт орға жығардай,  
Сүйрей үркіп қоңыр тірлік-күймені!..

Қызыл Кітап шашатындай өмірге от,  
Аң мен құстың текті түрін нөмірлеп.  
Аңдағанға гүлдей нәзік табиғат,  
Бірте-бірте баратқандай темір боп.

Бағзы кезде көгімде еркін ұшатын,  
Кезіктірдім бұрын білмес құс атын –  
Қызыл Кітап қысты жаншып кеудемді,  
Жетім ұлдың етігіндей қысатын.

Көнген көген – жазмышына бұйрықты,  
Кезіктірдім қайран қарақұйрықты –  
Қызыл Кітап бірде марал, бірде елік,  
Бірде бөкен... құлан болып құйғытты...

Жадымда жоқ басқа да аң-құс бар болар,  
Азаты: есек, доңыз, құзғын-қарғалар...  
Ең арғысы қыран ұстап қолына,  
Құр ат мінген қалбағайлы шал да бар...

Көзім тұнды, тұнды әлем, тұнды көк,  
Күйіп кетті күн кірпігі күлдіреп –  
Қызыл Кітап жұтатындай жұтынды:  
«Сенің де енді серілігің тынды!..» деп.

\* \* \*

Өтінем, айтпа, балам, тек өтірік,  
Өтіріктен от бастым, көп өкініп.  
Кей досым кеудесіне кек байлайды,  
«Сөз жоқ, сен мықты ақынсың!» деп отырып...

Қиян кезер қиялың, ойың – алыс,  
Өтірікке өре жат, бойы – қарыс.  
Ұдайы леп белгіні ауырсынып,  
Кейде сұрау белгі боп қойыламыз.

Шын айтпай жая алмайсың құлашыңды,  
Қайран шындық жоғалған мұра-сынды.  
Жыр деп жанған жұртыма жалтақ қарап,  
Жеткізе алмай қиналам расымды.

Жоғымды іздеп бір жанмын алаңдаған,  
Жоқ қарауды жазбасын саған, балам.  
Ертегіңді тыңдаудан жалықтым деп,  
Ең соңғы рет ескертті мамаң маған...

Жоғалтпа!  
 Жойма!  
 Сақта шындығыңды! –  
 Шындығыңмен шырайлы күн бүгінгі!  
 Шындық өлсе –  
 Өтірік түтіні улы  
 Аштырмайды көзіңді – түңлігінді!..

## ҚОЮ СҮТ

*«Қойдың сүті қою болады. Үш кесе  
 су ішкеннен гөрі, бір кесе қойдың  
 сүтін қолай көрем!..» –*

*Шыңғыс Айтматовтың қазақ  
 теледидарына берген интервьюінен*

Қойдың сүтін есіңе алдың, ағасы,  
 Қоңыр елміз Ақтан ардақ жоқ асы.  
 Сүттің кені – кенен жайлау кең қолтық,  
 Талас пенен Сарысудың жағасы.

Қойдың сүті сүттен бөлек,  
 Қоюлау  
 Сүт екенін керек дедің мойындау.  
 Қойдың сүті – алтын қанат ақ орда –  
 Айшық, мүйіз... құс тұмсық – зер, оюлау.

Қойдың сүті сүттен бөлек,  
 Нағыз май,  
 Шайға құйсаң созылады сағыздай.  
 Бүрі кеткен бүйендердің шелі боп,  
 Шым батады жынын жылмай ағызбай.

Қой сүтінің құпиясы қызық-ақ:  
 Үзік түскен жүзімдейін құжынап,  
 Әжем байғұс жерінбейтін тастауға,  
 Тобатайдан құмалақты сүзіп ап.

Жазымышы жат жазым еткен құмалақ,  
Шаранасы жарылмаса – мүбәрәк...  
Сүт-сүт болған шараналы «шариктер»  
Кететұғын Жер шарындай домалап.

Қойдың сүті – Әже көзі жаны ізгі,  
Өше түсіп өсіретін парызды.  
Сүт парызы – шыңның ұшар басына,  
Қатып қалған ақ қар – ақ қан тәрізді...

Қарын қағып алып сеңсең бөріктің,  
Қатқан қанды келді үніңмен еріткің –  
Үш кесе су – бір кесе сүт болмайды,  
Дегеніңде не ұтылдым, нені ұттым?!

Сүтсіз шырай енбей әрсіз түсіміз,  
Шөп-шаламға сайын шалғы – тісіміз.  
Қою сүттің кенделігінен, бөлкі,  
Көңіл толмас кейгі сұйық ісіміз?!

Судың тегі сүт емесі белгілі,  
Сіз де, біз де, біледі анық ел мұны.  
Бұған қоса менің және білерім –  
Қойдың сүтін ішкендердің кемдігі.

Қойдың сүтін сіз іштіңіз, мен іштім,  
Құрсағанда қаралы жыл, кеміс күн.  
Қойдың сүті – маңыраған қырқадан  
Жетім қозы – хабаршысы Жеңістің!..

Қойдың сүті – салтанатың, сейілің –  
Парқы патша парасатың, пейілің...  
Қойдың сүті, шіркін, қою қой сүті,  
Қандырса екен Күллі Әлемнің мейірін!

Етінен де қойдың сүті бағалы,  
Қойдың сүті қай іш болсын жағады.  
Қой еті емес,  
Қою сүтін қоңырдың

Көксеп жүрген қастерлейік Ағаны!  
Ырық бермей,  
Құлық бөлмей құнына,  
Қойдың сүтін бір ішпейміз жылына.  
Қойда қою сүт болады дегенді,  
Сіңіре алмай сірі болдым ұлыма!

Қос емшегін енесінің тел емген,  
Төл бол, қозым, деймін ада көгеннен.  
Қой сүті емес,  
Ана сүтін татпаған,  
Тауқыметті тағдыр барына сенем мен!

Ана сүтім –  
Ана тілім, білсеңіз!  
Тіліңмен бол –  
Жыласаңыз,  
Күлсеңіз!  
Көген көрмей,  
Уызына жарыған  
Марқаларға таңырқаймын кіл семіз...

Қою, қанық, мәңгі арман, тілегі,  
Сүт қадірін ішкен жандар біледі.  
Жолы сұйық,  
Қаны сұйық сұйықтың  
Қой сүтінсіз қорынбайды жүрегі!

Сүтпен күнін көрген қырғыз-қазақпыз,  
Армансызбыз, ардамыз біз, азатпыз.  
Қоюлықты түсінгенге – ғажаппыз,  
Қоюмын деп ісінгенге – «мазақпыз».

...Намысыңыз қою болсын десеңіз,  
Әр ісіңіз қою болсын десеңіз –  
Болсын қымбат сылдыр сулы үш кеседен,  
Қойдың сүті құйылған бір кесеңіз!..

## ҰСТА

Бір түнде жел жұтатын ыспа құмдай,  
 Ілуде туса туар ұста мұндай.  
 Дүкені – үйі...  
 Күнде – той, күнде – жиын,  
 Қонақ-масы Құнанбай қыстауындай...

Тынысын алып, тандыры кепкен ысқа,  
 Көрігіне күйгені – көпке – нұсқа.  
 Қарға ұстадан ұста өткен емес, – дейді ел –  
 Мизам ғана Қарғадан өткен ұста!..

Сұрапыл-тағдыр оңды-сол ырғағанда,  
 Сиынатын айналған пір-бағанға.  
 Ағаштан бала жасап алған – дейді –  
 Түсік болып талайы тұрмағанда.

Жүк басып шөккен нардай қомы солған,  
 Сол тұста Сырдан жұтаң қоныс алған.  
 Исі – қазақ,  
 Барлық ұлт – жамиғаты –  
 Татар – тоғай болғанда, орыс – орман.

Әу басқы тұрғынындай осы араның,  
 Бөліп, бөтен тұтпайды еш адамын.  
 Өзі емес, халық айтады –  
 Қысылшаңда  
 ХТЗ-ның «поршынын» жасағанын.

Абырой-атақ жетерлік бір басына,  
 Қадірі артқан кезінде сырласына.  
 Сырласың не, еркектің аңсары ауар,  
 Сақинасы, жүзігі, сырғасына.

Дүкені – үйі...  
 Тістеуік, төс, балғасы –  
 Түс шайыспас ежелгі дос-жолдасы.  
 Ауыспайтын әзірге Мизам ұста,  
 Сағат сайын ауысар «қос қолдасы!»

Күйзелгенін көрмейсің оғаш қарап,  
Қайратына мінер сәл толастап ап –  
Кезек күтіп құранды ер, құныс құман,  
Күй тілер жез самаурын, ағаш табақ...

Күн батқанша тыным жоқ есігінде,  
Шыққандардың шығады есі мүлде.  
Кіргендерді көзімен қарсы алады,  
Баладайын таңулы бесігінде.

Қолқа салсаң кеңейіп кенересі,  
Қолпаштасаң толады тегенесі –  
Келіні асқа шақырар...  
Шыр-пыр болып  
Қысқашымен қант шағып немересі.

Ырысын уыстатар мырза қолдай,  
Еш жан кері қайтпайды ырза болмай.  
Құлдық ұрып келеді кімге болсын,  
«Істеп қоям!..» – деуінен бір жаңылмай.

«Ей, Дөмет, анау қайда, мынау қайда,  
Тапқаныңша төбеден күн аумамай ма?!» –  
Деп көнбіс кемпіріне көр қылады,  
Мұршасыз боп жүретін мұны ойлауға.

«Істейміні» қылардай сені мезі,  
Сұхбатыңа кес етпес қолы-көзі.  
«Уәде – уәде ғой!» – деп жылмитқанда,  
Уәде емес уәде – оның өзі.

Шүкір. Өзір бабында. Жақсы хәлі –  
Қаһарынан шоқ қыңып, от сынады.  
Жүз айтқасын жүйкеңнен жүйке қалмай,  
«Істейміні» – өтірік боп шығады.

«Өтірігін» өткізер шындай қылып,  
Амал жоқ тыңдайды ұлан, тыңдайды ұлық.  
Кембағалдың кетпенін жазда берген,  
Қақаған қыстың күні шындайды ұрып.

Зер салып тозған аттың тағасына,  
Ден қояды «дертіңнің» бағасына.  
Қашан қалқам қарымды суытар деп,  
Үмітпенен үздігер баласына.

Ұғып, «істеп қоямын» ес көресің,  
Ескересің кей істің «кештен ешін...»  
Маңдай термен сапысын суарғанда,  
Ұстаның уайымына дес бересің...

Дес бересің «істейді, істейді» деп,  
«Істей қою оңайға түспейді» деп.  
Артыңнан қалар қарап қартаң ұста,  
Ойына әр не түсіп, іштей жүдеп...

...Бір-ақ түндік – жел жұтқан ыспа құмдай,  
Ілуде туар ма екен ұста мұндай?!  
Дүкені – үйі –  
Қаңырап қалмаса игі,  
Қонақ-запы Құнанбай қыстауындай!..

### АУРУЫҢДЫ МАҒАН БЕР

Ауырма!  
Ауырмашы, Мұнар балам!  
Сен ауырсаң басыма мұң орнаған.  
Тұлпар-жырға тоқым ғып тоздырайын,  
Ауруыңды маған бер жұмарлаған.

Ауырма!  
Ауруға жоқ хұқың, балам!  
Сен ауырсаң ауырады бүкіл ғалам!  
Сен ауырсаң күн сөніп, аспан жылап,  
Жер шары боп кеудеңде лүпіл қағам!..

Жас жаныңды жеп жатқан жегідейін,  
Ауруыңа аянбай жегілейін – .  
Жұпарын тылсым жұтқан көктемдердің,  
Көксеген көңіліндей егілейін.